

Ғарыш

Айда не болып жатыр?

Адамзат Айға қайта оралу дәуіріне қадам басты. «Артемис» бағдарламасы аясында жүргізіліп жатқан зерттеулер ғарыш ғылымындағы жаңа кезеңнің басталғанын көрсетеді. Бұл туралы Назарбаев университетінің оқытушысы, астрофизик Бекдәулет Шүкірғалиев айтты. «Артемис» бағдарламасы аясында төрт астронавт Айдың арғы бетін зерттеп, суретке түсіру үшін жіберілген болатын.

Ғалымның айтуынша, мұндағы миссиялардың басты мақсаты – Ай бетінде болып жатқан табиғи процестерді тереңірек түсіну. Негізгі ғылыми бағыттардың бірі – Ай бетіне түсетін соққыларды зерттеу. Яғни, әртүрлі аспан денелері Айға қаншалықты жиі құлайды және олардың әсері қандай – осы сұрақтарға жауап ізделуде, - дейді ғалым.

Оның сөзінше, бұл зерттеулер тек Айды ғана емес, жалпы Күн жүйесіндегі процестерді түсінуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ ғалым адамзаттың Айға қайта бет бұруын тарихи оқиға деп бағалайды.

Бұған дейін «Аполлон» бағдарламасы арқылы америкалықтар Ай бетіне қонған. Кейін бұл бағыттағы жұмыстар ұзақ уақыт тоқтап қалды. Қазір бұл зерттеулер қайта жанданып отыр. Бұл –



ғарыш саласындағы үлкен серпіліс, - дейді ол. Бекдәулет Шүкірғалиев Қазақстанда да Айды зерттеуге қатысты жобалар бар екенін атап өтті.

Қазіргі таңда Физика-астрономия институты мен ғылыми ұйымдар Айды айналып жүретін телескоп жобасын әзірлеуде. Егер бұл бағдарлама алдағы онжылдықта іске асса, Қазақстан үшін жаңа ғылыми мүмкіндік ашылады, - дейді астрофизик. Оның айтуынша, мұндай жобалар елдің ғылыми әлеуетін арттырып, халықаралық деңгейдегі зерттеулерге жол ашады.

Білім

Енді олимпиада жеңімпаздарына 6,5 млн теңгеге дейін беріледі



жаңартылды.

Енді оқушыларға берілетін төлемдер: 1 орын – 1500 АЕК (шамамен 6,5 млн теңге); 2 орын – 1000 АЕК (шамамен 4,3 млн теңге); 3 орын – 500 АЕК (шамамен 2,1 млн теңге).

Сонымен қатар жеңімпаздарды дайындаған мұғалімдер де қаржылай марапатталады. Сыйақы мөлшері олардың базалық лауазымдық айлығына байланысты есептеледі: «алтын» үшін – 26,5 есе; «күміс» үшін – 17,5 есе; «қола» үшін – 8,5 есе.

Айта кетейік, төлемдер бір реттік негізде беріледі және тек ағымдағы жылғы нәтижелерге қатысты. Бағдарлама Қазақстан азаматтарына арналған.

Білім саласында жаңа өзгеріс енгізіліп, халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар байқауларында жеңіске жеткен оқушыларға төленетін сыйақы мөлшері

Биыл мектеп бітіру кешін өткізуге бола ма?

Оқу-ағарту және Ішкі істер министрліктері жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, орта білім беру ұйымдарында бітіру кештерін өткізуге байланысты талаптарды нақтылады, - деп хабарлайды Massaget.kz тілшісі.

Қабылданған шаралар бойынша білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, олардың құқығын қорғау және құқықбұзушылықтардың алдын алу көзделді.

"Аттестаттарды табыстау рәсімі тек білім беру ұйымдарының ғимараттарында ұйымдастырылады. Білім алушылардан, олардың ата-аналарынан немесе заңды өкілдерінен қаражат жинауға қатаң тыйым салынады", - деп жазылған хабарламада.

Министрлік мәліметінше, белгіленген талаптарға сәйкес бітіру кештерін білім беру ұйымдарынан тыс жерлерде ұйымдастыруға жол



берілмейді.

Жергілікті атқарушы органдарға қаржылық шығынды талап етпейтін тәрбиелік және мәдени-ағартушылық іс-шараларды ұйымдастыру, түсіндіру жұмыстарын жүргізу тапсырылған.

Саясат

Тамызда тағы да сайлауға барамыз

Алдағы жазда сайлау науқаны басталмақ. Биыл 1 шілдеде 2026 жылы 15 наурызда референдум арқылы қабылданған су жаңа Ата заң күшіне енеді. Соған орай саясат сахнасында біршама өзгеріс болғалы тұр. Соның алғашқысы - Құрылтай сайлауы. Енді елдегі басты заң шығарушы орган Парламент емес, Құрылтай деп аталады. Жаңа Конституция бойынша қазіргі Парламент өкілеттігін 2026 жылы 1 шілдеде тоқтатады. Бұл Парламенттің оған дейін атқаратын біршама жұмыстары бар. Иә, негізгі заңдардың барлығын жаңа Конституция нормаларына сәйкестендіру керек. Бірқатар Конституциялық заңдарды жедел қабылдап, бірқатар заңға өзгеріс енгізуге міндетті болады.

Жаңа Ата заң күшіне енген күннен бастап бір ай ішінде президент Құрылтай сайлауын жариялап, сайлау екі ай ішінде өтуі қажет. Ал қыркүйекте алғашқы шақырылымдағы Құрылтайдың бірінші сессиясы ашылады. Алғашқы сессия ашылған сәттен бастап екі ай ішінде ел президенті Құрылтайдың келісімімен вице-президентті тағайындайды. Одан кейін дәл осы мерзім ішінде Конституциялық соттың, Орталық сайлау комиссиясының, Жоғары аудиторлық палатаның төрағалары мен мүшелері тағайындалады. Ал Жоғарғы сот төрағасын, Ұлттық банк төрағасын, Бас прокурорды, ҰҚК төрағасын, Жоғарғы сот кеңесінің төрағасын және Адам құқықтары жөніндегі уәкілді Конституция күшіне енген күннен бастап екі ай ішінде тағайындау қажет. Сондықтан, жаз айының 1 шілдесінен бастап сонау қараша айына дейін елде саяси науқан қызу жүрейін деп тұр.

Жақында ел президенті Қасым-Жомарт Тоқаев: - «Мемлекет басшысы ретінде еліміз үшін елеулі оқиғалар туралы алдын ала ақпарат беру өте маңызды деп санаймын. Конституция күшіне енген сәттен бастап бірпалаталы Құрылтай сайлауын өткізу жөніндегі Жарлыққа қол қоямын. Сайлау биыл тамыз айында өтеді. Мұны әдейі ерте айтып отырмын. Өйткені партиялардың жоспарларын айқындап, сайлау науқанына дайындық жүргізуіне жеткілікті уақыты болуы керек. Осылайша, партиялардың сайлаушылармен тиісті жұмыс жүргізуіне бес айға жуық уақыт беріледі», - деді. Бұл сайлау науқаны басталғанын білдіреді.

Жаңа Конституцияға сай Құрылтай депутаттары тек партиялық тізім бойынша сайланады. 2023 жылы ұзақ үзілістен кейін мажоритарлы жүйе бойынша сайлау тәртібі қайта оралып, 29 мәжілісмен бірмандатты округтер арқылы сайланған еді. Сол кезде биліктің маңындағылар мұны үлкен демократиялық қадам деп бағалаған. Бірақ арада 3 жыл өтпей, сенділердің ойы қайта өзгерді. Мұны саясаттанушылар билік мажоритарлы жүйе арқылы сайланған депутаттардың тым белсенділігінен тікесініп қалды деп санайды.

Көпшілік Құрылтай мүшелерін партиялық тізіммен сайлау саяси партияға мүше емес миллиондаған адамның сайлану құқығын шектеу деп санайды. Бұл жүйе арқылы сайлау Құрылтайдың халық алдындағы легитимділігін төмендетеді. Өйткені халық жеке кандидатқа емес, тұтас партияға дауыс береді. Ал мандат ұтқан партияның тізімі сайлаушылардың талабына емес, партия басшылығына тәуелді. Яғни кім депутат болатынын сайлаушы емес, партия төрағасы шешеді.

Қалай болғанда да жаздың ыстық аптабымен қоса Құрылтай сайлауы да «қайнайын» деп тұр. Енді жай күндері бар-жоғы білінбейтін саяси партиялар «оянып», белсенділік танытып, үгіт-насихат жұмысына кірісіп, өздерінің дайындаған сайлауалды бағдарламаларын ұсынады...

Жақан ЕСЕНБЕКОВ